



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ
ИНСТИТУТЫ

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Негізгі ұғымдар	5
Қысқаша мәлімет	7
Қылмыскердің бейнесі	10
Ата-анаға кеңес	12
Көрші, туыс, куәгердің қаперіне	17
Әлеуметтік нормалар мен құндылықтар	19
Зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің 7 стратегиясы	21
Қосымшалар	23



Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшылары бірігіп дайындаған **«Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі нұсқаулық»** еліміздегі балалар мәселесіне бей-жай қарамайтын мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйым өкілдеріне, осы тақырыпқа алаңдаушылық танытатын барша қоғам өкілдері мен зерттеушілерге көмекші құрал ретінде дайындалған.

Аталмыш нұсқаулықта бала құқығы мен қауіпсіздігі мәселесімен айналысатын белді халықаралық ұйымдар мен институттардың соңғы зерттеулері мен әдістемелік еңбектерінің нәтижелері ескерілді. Сонымен қатар, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Отбасы және гендерлік саясат орталығы дайындаған Ұлттық баяндама мен зерттеулердің нәтижелері, құқық қорғау органдарының деректері қолданылды.

Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық жөніндегі нұсқаулықтың басты мақсаты – еліміздің әрбір азаматына, оның ішінде ата-аналарға, туыстары мен жақындарына балаларға жасалатын зорлықтың алдын алу, оған қарсы әрекет ету, осындай қылмыс болған жағдайдағы іс-қимыл алгоритмі жөнінде практикалық ұсыныстар беру.

Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық – Қазақстанда шұғыл назар аударуды талап ететін өткір әлеуметтік проблема. Нұсқаулық статистикалық деректерді, қылмыскердің бейнесін, ата-аналарға арналған кеңестер мен көршілерге, туыстар мен куәгерлерге ұсыныстарды қоса алғанда, Қазақстандағы балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа байланысты негізгі аспектілерді қамтып отыр. Бұл балаларды оқыс жағдайдан қорғауда кез келген адам үшін құнды ресурс болады және жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы күш біріктіруге септігін тигізеді.



Бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР-ның 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.).

Балаларға қатысты жыныстық зорлық- зомбылық – кәмелетке толмаған бала мен одан үлкен адам арасындағы кез-келген жыныстық қатынасты қамтитын балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың түрі. Сондай-ақ жыныстық қатынас туралы әңгімелер, телефон қоңыраулары, мәтіндік хабарламалар немесе/және әлеуметтік желілерде өзара әрекеттесу, эксгибиционизм.

Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері – күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәріменсіз күйін пайдаланып еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер (ҚР Қылмыстық кодексі, 121 бап).

Груминг (ағылшын тілінен «қамқорлық көрсету») – эмоционалды, жылы қарым-қатынас орнату арқылы балаларға жыныстық зорлық-зомбылық көрсетудің бір түрі.

Бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсетуді, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды оңалтуды, оларды еңбекке қабілетті жасқа толғаннан кейін жұмыспен қамтуды жүзеге асыратын ұйымдар. Бұл ұйымдарға білім беру (қорғаншылық және қамқоршылық органдары), денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер органдары, сондай-ақ олардың уәкілетті қызметтері кіреді.

Қылмыс туралы хабарламау, жасыру – кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр қылмыс, аса ауыр қылмыс дайындалып жатқаны немесе жасалғаны туралы хабарламау немесе жасыру алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға апарады. (ҚР Қылмыстық кодексі, 432, 434 бап).




Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымының 2022 жылғы дерегі бойынша, әлемдегі **әрбір бесінші әйел мен әрбір он үшінші ер адам** балалық шағында (0-17 жас) жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Әлемдік мета-талдауларға сәйкес, жыныстық зорлық-зомбылықтан **қыздардың шамамен 24%-ы және ұлдардың 3%-17%-ы** зардап шеккен. Стигматизацияға және балалардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ осындай жағдайлардың назардан тыс қалуына байланысты шынайы көрсеткіштер ресми деректерге қарағанда жоғары болуы да мүмкін.

Тәуелсіз сауалнамаға сәйкес (2017), жыныстық зорлық-зомбылықтың салдары соның құрбаны болған адамның өміріне қай жағынан болмасын кері әсерін тигізеді. Ол дегеніміз - физикалық және психикалық денсаулықтың, эмоционалдық әл-ауқаттың нашарлауы, мінез-құлық пен өзін-өзі ұстаудағы проблемалар, басқа адамдармен қарым-қатынасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі.

Қазіргі таңда Қазақстанда кәмелетке толмағандарға жыныстық зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жазасын өтеген **379 адам ресми** тіркелген. Қылмыскердің жасы 21-ден 82 жас аралығында. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 16 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдерге зорлық-зомбылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабы 42-тармағына сәйкес қылмыстық жаза кесіледі. Сонымен қатар бірнеше баптар бойынша, атап айтқанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы – 120, 121, 122, 123, 124, 134, 144 баптары, осы Кодекстің 312-бабының екінші және үшінші бөліктері бойынша жаза қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ақпаратына сәйкес 2017 жылдан 2022 жылға дейін кәмелетке толмағандарға жыныстық зорлық сипатындағы **4729** қылмыс жасалды, яғни жылына орта есеппен осындай **788** қылмыс болған. Ал 2023 жылы 6 ай ішінде жалпы **252** қылмыс тіркелді. Өңірлер бөлінісінде 2023 жылдың 6 айы ішіндегі тіркелген құқық бұзушылықтардың деректері келесідей (Кесте 1):



Кесте 1. Жазасын өтеген адамдардың облыстар бойынша бөлінісі (2023 жыл, тамыз)

Соңғы үрдіс көрсетіп отырғандай, зорлық-зомбылық фактісіне тек бөтен адам ғана емес, баланың ата-анасы немесе отбасы мүшелері, айналасындағы жақын адамдар да тікелей қатысты болуы ықтимал. Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық әрекеттері әртүрлі жағдайда және қатынастар ауқымында болуы мүмкін. Оның **ішінде бала үйде туысынан; көшеде тәттіге, ақшаға алданып; мектепке барар жолда қылмыскердің қолынан** немесе өзінің **қатарласынан; ересек немесе өзінен жасы үлкен балалардан интернет арқылы да жыныстық зорлық-зомбылық көруі ықтимал.**

Жыныстық қанау мақсатында ел ішінде немесе шетелде адамдарды, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерді сату фактілері де кездеседі. Мұндай қылмысты ашудағы басты проблеманың бірі – **балалардың бұл туралы ешкімге айтпауы**. Қылмысты анықтау барысында баланың қойылған сұрақтардың мағынасын түсінбеуі де қиыншылық тудырады.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ БЕЙНЕСІ

Қазақстанда кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қатысты жыл сайын орта есеппен 800-ге жуық қылмыс жасалады. Мұндай қылмысқа баратын адамның орташа есеппен алғандағы бейнесі келесідей:

Жынысы: ер адам

Жасы: 31-40 жас, жыныстық белсенділік жасындағы ер адам

Білім деңгейі: негізгі орта білім

Отбасылық жағдайы: 50%-ы ешқашан үйленбеген және тұрақты жыныстық серіктесі жоқ

Жұмыспен қамтылуы: белгілі бір жұмысы жоқ

Басқа сипаттамалар: көбінесе моральдық құндылықтары төмен.

Көп жағдайда агрессор/ қылмыскер зардап шеккен баланың (60%-дан жоғары) **отбасы мүшесі** немесе **таныс** болып келеді, тек басқа жағдайларда ғана ол таныс емес адам екені анықталған.

Бұндай қылмыстар ұзақ уақыт бойы, **3 айдан 7 жылға дейін** жасалуы мүмкін.

Криминологиялық зерттеулерге сәйкес, мұндай қылмыстардың **20%-ын кәмелетке толмағандар** жасайды.

Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасағандардың жеке басының психологиялық (биологиялық) сипаттамаларын анықтау қиын. Алайда, егер қандайда бір бала өзінің балалық шағында **физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраса**, ересек жаста ол өзі **агрессорға** айналуы да ықтимал.

Кәмелетке толмағандарға жыныстық қылмыс жасайтындардың қатарында тек ер адамдар ғана емес, әйелдер де бар.

Балаларға зорлық-зомбылық көрсетуге ықпал ететін **факторларға** мыналар жатады:

- ▶ отбасында ата-ана мен баланың арасындағы эмоционалды байланыстың болмауы;
- ▶ түнде үйде ата-анасының болмауы (ауруханада, дүкенде және т.б. түнгі ауысымдағы жұмыста);
- ▶ ата-ананың баланы басқа адамдарға, оның ішінде қылмыскердің қасына ұзақ уақытқа қалдыруы;
- ▶ баланың қорғансыздығын пайдаланып үркітіп-қорқыту, бопсалау, дөрекі түрде күш қолдану, қылмыстың барлық құралдарын пайдалану;
- ▶ жәбірленушіні кінәлі қылу арқылы жыныстық байланысқа итермелеу;
- ▶ кәмелетке толмағандардың спирт ішімдігін ішуі, ересектер тарапынан бақылаудың болмауы;
- ▶ моральдық-адамгершілік идеялардың бұрмалануы, отбасындағы, қоғамдағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрдің өзгеруі;
- ▶ қылмыскердің қылмыстық жауапкершіліктен босап шығуы, лайықты жазаның берілмеуі.



Ата-ана баламен ашық, өзара сенімді және құрметке негізделген қарым-қатынас орнатқаны абзал.



Ата-ана ретінде балаға тиісті ақпаратты дұрыс, абайлап жеткізіп, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Өз денесін өзі білетін бала теріс әрекеттен қорғана алады, зорлық болған жағдайда жасқанбай айта алады. Ал ата-анасы оған әрдайым сенетінін мәлімдеуі тиіс. Егер де баланың қалауынсыз орынсыз әрекет болса, оның ешқандай кінәсі жоқ екенін, ашық айтқаны үшін жазаланбайтынын түсіндіру керек.

Балаға дене мүшелері туралы кішкентайынан түсіндіру қажет.



Жыныстық органдар – қалыпты дене мүшесі, денсаулықтың бір бөлігі және оны балаға ұғындырған дұрыс. Дәрігер қабылдауында ата-анасының міндетті түрде болуы, баланың денесіне, әсіресе іш киім жапқан жерлеріне басқа адамдардың қолын тигізуге болмайтынын және баланың өзі де басқаға қол тигізуден аулақ болуы керек. Жалпы, кез келген адамға жақындаудан бұрын рұқсат сұрайтын әдет қалыптасуы тиіс.

Балаңызға «жоқ» деп айтуды үйретіңіз.



Балаларды үлкендерді тыңдауға, олардың айтқанын бұлжытпай орындауға үйретеміз. Алайда, екінші жағынан баланы ересек адамның құрбанына айналдыруы да ықтимал. Сондықтан нақты жағдай балаға қолайсыздық тудырса, ол «жоқ» деп батыл айта білуі керек. Ересек адамға деген құрмет пен сүйіспеншілікті білдірудің балама жолдарын көрсетуге болады.

Ата-ана баланы жабық құпияны, әсіресе басқа адаммен екі ортадағы сырды айтуға шақырғаны жөн.



Өзара құпия сақтау – жыныстық зомбылықпен айналысатындардың негізгі тактикасы. Балалар жақсы құпияның (мысалы, ата-анасына тосын сый) және жаман құпияның (баланың бойында депрессия, қолайсыздық, қорқыныш пен сенімсіздік тудыратын кез келген құпия) ара-жігін ажыратуды үйренуі керек. Балаға осындай құпияны досы, жақыны мен танысы болсын ешкімге айтпағаны дұрыс емес екенін ұғындыру қажет.

Балаңызға бейтаныс адаммен қарым-қатынас жасаудың қарапайым ережелерін үйретіңіз.



Бейтаныс адаммен бірге көлікке отыруға, одан сыйлық алып, шақыртуын бірден қабылдауға болмайтынын түсіндірген жөн. Әдетте ересек адам өзі сияқты ересекпен дос болатынын түсіндіріңіз. Зорлық жасаған адам балаға таныс болуы да мүмкін. Күмән туған жағдайда баланы таныс адаммен қалдырмастан бұрын ешбір тарапты ренжітпей, туыстық қатынасқа нұқсан келмейтіндей шешім қабылдаған дұрыс болады.

Егер де орынсыз жағдай болса бала ашық сөйлесе алатын 5 адамды анықтап қойған жөн.



Есте сақтау үшін бес саусақты мысалға алуға болады. Таңдалған бес адамның ішіндегі үшеуі отбасы мүшесі болмағаны маңызды. Ол жеке бір тұлға ғана емес, оқытушы, құқық қорғау қызметкері немесе дәрігер секілді мамандар болуы да мүмкін. Себебі кейде балаға қатысты жыныстық зорлық жасалғанда олар ата-анасына немесе отбасы мүшесіне ашық айтудан тартынады.¹

1) Баланың зорлық-зомбылыққа ұшырағанын қалай түсінуге болады?

Бұндай кезеңде әдеттегі сабырлы бала қатты агрессия көрсетіп, енжарлық пен апатияға түсуі мүмкін. Сонымен қатар, ұйқысының бұзылуы, қатты мазасыздық, қорқыныш пен тағы да басқа ауытқушылық байқалады. Ол міндетті түрде зорлық-зомбылықтың белгісі болып шықпаса да, кем дегенде баланың бойындағы стресстің себептерін шұғыл анықтауды талап етеді.

Ата-аналар келесідей белгілерге назар аударуы тиіс:

Балада ересектерге деген сенімсіздік, жеккөрініш пайда болады. Мысалы, ол белгілі бір адаммен жалғыз қалғысы немесе жанында отырғысы келмейді. Белгілі бір жерлерге, үй-жайларға деген қорқыныш пайда болуы мүмкін. Бала өзімен-өзі тұйықталып, құрдастарымен, ата-анасымен қарым-қатынасын тоқтатады.

Бала түсіндіре алмайтын немесе оны түсіндіруден бас тартатындай денесінде, әсіресе интимді жақтарында көгерген жерлер мен жаралардың болуы;

Регрессивті мінез-құлық пайда болады (яғни, ерте жасқа тән әрекеттер). Мысалы, мектептегі үлгерімнің күрт төмендеуі, энурез және энкопрез сияқты дәретке қатысты проблемалар байқалады.

2) Балаларды ғаламтордағы жыныстық зорлықтан сақтау үшін не істеу керек?

Интернеттегі қауіпсіздік туралы ашық әңгіме жүргізіңіз. Балаңызға мекенжайы, телефон нөмірі немесе мектеп атауы сияқты жеке ақпаратты ешқашан бейтаныс адамдармен желіде бөліспеуге нұсқау беріңіз. Балаңызға дос болу туралы өтініштерді қабылдауда немесе интернетте бейтаныс адамдармен жеке әңгімелесуде абай болуға үйретіңіз.

Балаңыздың онлайн белсенділігін бақылаңыз және онлайн ата-ана бағдарламалық құралын пайдалануды қарастырыңыз.

Балаңыздың рұқсатымен оның қандай топтар мен чаттар, әлеуметтік медиадағы каналдарға тіркелгенін, зиянды сілтемелер мен жабық арналардағы қауіпті контент туралы ескерткеніңіз жөн.

3) Балаға зорлық жасалғанын білгенде не істеу қажет?

Бұл мәселені кейінге шегеруге болмайды. Егер бала бәрін бірден айтып берсе, ата-ана құқық қорғау органдарына жүгінуі керек. Егер болған оқиға бірден белгілі болса, онда жауапкершілікке тарту үшін дәлелдерді (баланың киімі, қылмыскер ұстаған заттар, т.б) өзіңіз жинап, оларды сақтауға тырысыңыз.

Егер ол бір айдан кейін, тіпті бірнеше жылдан кейін ата-анасына айтуға батылы барса, зорлау фактісін дәлелдеу әлдеқайда қиын. Балаларыңызға мұқият болу және олармен сенімді қарым-қатынас орнату өте маңызды, осылайша олар сізбен бәрін бөлісе алады.

Сондай-ақ баланы одан әрі қудалаудан қорғау үшін әлеуметтік желіде балаға қатысты зорлық-зомбылық контентін бөліскенде тиісті ережелерді сақтаңыз. Бұл туралы “Балалар мәселесін БАҚ-та қалай қауіпсіз жариялауға болады” деген практикалық нұсқаулықтан толық ақпарат алуға болады.





КӨРШІ, ТУЫС, КУӘГЕРДІҢ ҚАПЕРІНЕ

Егер Сіз баланың зорлық-зомбылыққа ұшырағанынан хабардар болсаңыз немесе қоғамдық орында күдікті әрекетті аңғарсаңыз, дереу шара қабылдау қажет:

1 Бөтен адамның әрекеті күмәнді көрінсе, қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, оны көзден таса қылмаңыз. Егер Сіз баланың лифтіге бейтаныс ересек адаммен кіріп бара жатқанын көрсеңіз, баланы қабатына дейін ертіп барыңыз.

2 Мүмкін болса жағдайға назар аударту үшін басқаларды да көмекке шақырыңыз. Неғұрлым көп адам хабардар болса, бала соғұрлым қауіпсіз ортада болады.

3 Жағдайды тиімді шешу үшін ұстамды және жинақы болған маңызды. Зорлық көрсеткен болжалды адаммен тікелей қарсыласудан аулақ болған дұрыс. Тікелей қақтығыс болса жағдай ушығып, баланы одан әрі қауіп-қатерге душар етуі мүмкін.

4 Тергеуге көмектесіп, куәгер болу үшін жағдайдың күнін, орнын, уақытын, күдікті адамның ерекшеліктерін, басқа да мәліметтерді жазып қойыңыз.

5 Жергілікті немесе республикалық балаларды қорғау қызметіне немесе құқық қорғау органдарына шұғыл хабарласыңыз.



Балаларға зорлық-зомбылық көрсетуге ықпал ететін факторларға мыналар жатады:

1 Әрқашан балалардың да, ересектердің де жеке шекарасын құрметтеңіз. Әдепсіз немесе орынсыз деп қабылдануы мүмкін кез келген қылықтан аулақ болыңыз.

2 Өзгелердің көз алдында түсініспеушілік болмауы үшін баламен жеке қалудан аулақ болыңыз. Мүмкіндігінше басқа да ересек адамдардың болғанын ескеріңіз.

3 Егер Сізге баламен байланыс орнату қажет болса, алдымен оның ата-анасынан, жауапты адамнан рұқсат сұраңыз. Олар баламен байланысуға рұқсат бергенімен, баланың өзі қаламаса, араласуды талап етпеңіз.

4 Балалармен физикалық байланыста абай болыңыз. Қажет болса, оны қысқа және орынды етіп жасаңыз. Мысалы, қол алысу немесе арқасынан қағу.

5 Кәсібилікті сақтаңыз. Егер Сіз балалармен қарым-қатынасты қамтитын кәсіпте жұмыс жасасаңыз, ұйымыңыз немесе мекемеңіз белгілеген тәртіп кодексі мен нұсқауларын ұстаныңыз.

6 Балалармен қарым-қатынаста немесе олардың көзінше намысқа тиетін немесе орынсыз деп саналуы мүмкін сөздер немесе әзілдерді қолданудан аулақ болыңыз.

7 Қолдау көрсетіп, қамқор болыңыз. Балаларға әртүрлі жағдайда шынайы қамқорлық танытып, бей-жай қарамаңыз, бірақ әрқашан тиісті шекараларды сақтаңыз.

Балалармен зорлық-зомбылықсыз және позитивті қарым-қатынасты нығайту үшін қажетті құндылықтар мен әлеуметтік нормалар:²

Балалардың құқығын құрметтеу: олардың негізгі құқықтары бар екенін түсінуге және түсіндіруге ықпал ету, оларға абыроймен және құрметпен қарау.

Позитивті үлгілерді тарату: ата-аналарды физикалық жазаға емес, балаларды оқытуға бағытталған зорлық-зомбылықсыз және конструктивті тәртіп әдістерін қолдануға ынталандыру. Өзара құрметке сүйенетін мінез-құлықтың мысалы болатын позитивті үлгілерді насихаттау.

Гендерлік теңдікті нығайту: ұлдар мен қыздарға бірдей қарау және тең мүмкіндік пен құқық орнығуы қажет деген идеяны алға жылжыту.

Эмпатия таныту және эмоционалды қолдау: ата-аналар мен қауымдастықтарды балалардың қажеттіліктері мен сұранысына сезімталдық пен эмоционалды қолдау көрсетуге шақыру.

Балалардың проблемасына құлақ асып, оларды да сөйлету: ересектер мен балалар арасындағы ашық қарым-қатынасты ынталандыру. Бұл балаларға олардың болашағын жақсырақ түсінуге және жоспарлауға ықпал етеді. Балаларды өздеріне қатысты мәселелер бойынша сөйлету және оларды шешім қабылдау процестеріне біртіндеп қатыстыру.

Қоғам тарапынан үлкен қолдау: балаларды қорғауға басымдық беретін және балалардың өсуіне қауіпсіз жағдай жасайтын күшті қоғамдық желі құру. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға қолдау және көмек көрсету, қамқор орта құруға ықпал ету.

Кәмелетке толмағандардың некеге тұруының алдын алу:

балалардың некелесуінің алдын алу, жасына сәйкес заңды қарым-қатынас пен өзара келісімді насихаттау.

Осы саладағы сауатты арттыру, ақпарат тарату: бала құқығы, балаларды қорғау және оларға зорлық-зомбылықтың әсері туралы ақпаратты насихаттау.



БАЛАЛАР ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ 7 СТРАТЕГИЯСЫ³

2016 жылы 10 халықаралық ұйым бірігіп, БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі конвенциясы негізінде балаларға қатысты жасалатын зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған 7 стратегияны дайындады:

1 Заңнамалық шараларды қабылдау

Мақсаты: балаларға қатысты зомбылыққа қарсы заңдардың қабылдануын және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

2 Нормалар мен құндылықтар

Мақсаты: барлық балалар мен ересектер арасындағы гендерлік теңдік қағидасы негізінде зорлық-зомбылықсыз, өзара қолдауға арқа сүйейтін, қадір-қасиетті құрметтеуші, жағымды қарым-қатынастарды нығайтатын нормалар мен құндылықтарды қ алыптастыру.

3 Қауіпсіз орта

Мақсаты: балалар мен жастар жиналып, уақыт өткізе алатын әлеуметтік ортаны қалыптастыру және қолдау.

4 Ата-аналар мен күтушілерге қолдау көрсету

Мақсаты: қатал тәрбие әдістерінен бас тартып, ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту.

5 Экономикалық қолдау және табыс көзін көтеру

Мақсаты: отбасының экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайту, балаларға қатысты қатыгездік пен жыныстық зорлық-зомбылықты азайтуға күш салу.

³INSPIRE: Seven strategies for ending violence against children

¹Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO); 2. ЮНИСЕФ; 3. АҚШ-тың Аурулардың алдын алу мен оны бақылау орталығы (CDC); 4. Балаларға қарсы зорлықты жою жөніндегі Жаһандық серіктестік; 5. Балаларға күтім жасау және қамқорлық көрсету желісі (CPC); 6. Қыздар үшін бірігу (Together for girls. TfG); 7. БҰҰ Қылмыс пен есірткі жөніндегі басқармасы (UNODC); 8. Дүниежүзілік банк.

6 Тиісті шара қабылдау және әлеуметтік қолдау

Мақсаты: сапалы медициналық көмек, әлеуметтік қолдау мен әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметтерді қолжетімді қылу, оның ішінде зорлық-зомбылықтың ұзақмерзімді ықпалын азайту мақсатында балалардың қатыгездік туралы ашық мәлімдеме жасау мүмкіндіктерін кеңейту.

7 Білім беру мен өмір сүру машықтары

Мақсаты: балаларға нәтижелі, сапалы, гендерлік теңдікке негізделген білім беру және әлеуметтік-эмоционалдық және өмірге қажетті машықтарды үйретуге бағытталған тренингтер өткізу. Оқу-ағарту ортасының қауіпсіздігі мен дамуға мүмкіндік беретін кеңістікті қалыптастыру.



Балаларға қатысты құқықбұзушылық туралы **қайда жүгінуге болады?**

«Немолчи.kz» Қоры
#НеМолчикz +7 705 151 0000
info@nemolchi.kz



Бала құқықтары жөніндегі уәкіл

+7 (727) 267-67-12

+7 (777) 678-75-90 (WhatsApp: тек мәтіндік хабарламалар үшін)

+7 (705) 884-70-40 (WhatsApp: тек мәтіндік хабарламалар үшін)

info@bala-ombudsman.kz

111 Жедел қызметі – Балалардың құқықтарын бұзу және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық жағдайлары бойынша. Анонимді.



112 Төтенше жағдайлар қызметі



103 Жедел жәрдем



102 Полиция

**Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі
өңірлік уәкілдердің байланыс деректері (2023 жылғы 1 ақпандағы
жағдай бойынша)⁵**

№	Өңір	Аты-жөні	Телефон
1	Астана қ.	Бимендина Әсима Темкенқызы	+7 (701) 516-01-15
2	Алматы қ.	Әжіғұлова Халида Қанатбекқызы	+7 (777) 205-55-82
3	Шымкент қ.	Жазықбаева Жаннета Қанайқызы	+7 (7252) 39-26-88 +7 (701) 203-41-84
4	Абай обл.	Жүнісова Эльзира Әуесханқызы	+7 (777) 213-75-00
5	Ақмола обл.	Асаинова Әсем Ануарбекқызы	+7 (705) 519-36-15
6	Ақтөбе обл.	Аймағамбетов Еділ Қонайұлы	+7 (707) 892-33-86
7	Алматы обл.	Есімбекова Айгүл Қанатқызы	+7 (701) 786-18-49 +7 (777) 888-16-88
8	Атырау обл.	Нугманова Арайлым Бағытжановна	+7 (701) 503-89-89
9	Шығыс Қазақстан обл.	Каленова Аксана Александровна	+7 (705) 661-41-21
10	Жамбыл обл.	Бағжанов Дәурен Орайұлы	+7 (747) 187-76-47

⁵Өңірлік бала құқықтары жөніндегі уәкілдер Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл кеңсесінің қызметкерлері емес екенін ескерген жөн.

11	Жетісу обл.	Сисекенова Райхан Маратқызы	+7 (701) 938-94-96
12	Батыс Қазақстан обл.	Өтебалиева Шаттық Саматқызы	+7 (705) 370-58-30
13	Қарағанды обл.	Киселева Ирина Болеславовна	+7 (7212) 25-50-65 +7 (701) 444-39-74
14	Қостанай обл.	Аманқұлова Арайлым Жумағалиқызы	+7 (705) 286-88-50
15	Қызылорда обл.	Ұзақпаева Жапырақ Бегімбайқызы	+7 (702) 782-57-17
16	Маңғыстау обл.	Болатбаева Тілектес Аманқосқызы	+7 (701) 463-33-09
17	Павлодар обл.	Покидова Наталья Сергеевна	+7 (775) 359-34-60
18	Солтүстік Қазақстан обл.	Сураганова Сәуле Қуандыққызы	+7 (705) 320-60-63
19	Түркістан обл.	Вероцкая Гүлжан Ералиқызы	+7 (778) 200-03-13
20	Ұлытау обл.	Жаппасова Гүлмира Алпысбайқызы	+7 (707) 525-21-50 +7 (776) 976-76-00

Дереккөздер:

1. 7 Ways to Protect Kids from Sexual Abuse. American Academy of Pediatrics 2023.
2. INSPIRE: seven strategies for ending violence against children. World Health Organization 2016.
3. The Underwear Rule. Council of Europe.
4. Балалар мәселесін БАҚ-та қалай қауіпсіз жариялауға болады. Қазақстандық қоғамдық даму институты 2023.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
6. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы.
7. Қылмыскер тұлғасы: Монография / [Авторлар ұжымы]. Г.К. Шушикованың жалпы редакциясымен. – Қосшы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2023.
8. Осколки детства: В Центральной Азии дети чаще всего молчат о сексуализированном насилии. Cabar Asia Longread. 2022.

